

*О.А. Туребаев<sup>1</sup>, Г.С. Айдарбекова<sup>2</sup>, Н.А. Абдурахманов<sup>3</sup>, З.Ш. Оразымбетова<sup>4</sup>*

*ф.э.к., ОҚМА<sup>1</sup>*

*т.э.к., ОҚМА<sup>2</sup>*

*т.э.к., ОҚМА<sup>3</sup>*

*аға оқытушы, «Мирас» университеті<sup>4</sup>*

*Шымкент қ., Қазақстан, [nurmuhameda@mail.ru](mailto:nurmuhameda@mail.ru)*

## АБАЙ МҰРАСЫ «АҚ ЖОЛ» БЕТТЕРІНДЕ

### *Аңдатпа*

Ел тарихындағы ұлтымыздың тәуменді тұлғаларын тереңірек танып білу, олардың өнегелі өмір жолы мен қайраткерлік болмысын шынайы ашып көрсетуге ұмтылып, бай шығармашылық мұрасын өскелең ұрпаққа мейлінше насихаттау, рухани жаңғыру жолына түскен мемлекетіміздің даму үдерісіндегі басты ұстын-тірек ретінде қарастыру – уақыт талабы. Қазақтың бас ақыны - Ұлы даланың ұлы Абайы да ұлт үшін осындай қастерлі тұлғалар санатында. Себебі отарлық бұғаудан босанып, төл тарихының «ақтаңдақ» беттерін танымаққа ұмтылған, төрт құбыласын түгендеуді жөн көрген еліміздің кешегі зобалаң кезеңде жоғалтқаны аз емес. Біз мақаламызда Абайды танудың қазақты тану екендігін баса айта отырып, ұлт ұстазын зерделеуде тасада қалыңқыраған тың тақырыпты таңдап отырмыз. Ол - Кеңестік Қазақстандағы БАҚ-та, әсіресе, 1920-1926 жылдардағы ұлттық баспасөздің алдыңғы сабынан табылған беделді басылым - «Ақ жолда» жарияланған Абай турасындағы мақалалардың руханиятымызды көтеруде әлі де өз маңызын жоғалта қоймағандығы. Шындығында ұлттық тәуелсіздік жолында, сын сағатта аянып қалмаған Алаш арыстарының жанкешті еңбегін әсте ұмытуға болмас. Сондықтан да біз осынау шағын мақаламызда Ұлы Абайдың өнегелі өмірі мен шығармашылығына тоқталмай, негізінен мұрағат қорларында қалған осы газеттегі ақын турасындағы тарихи сараптамаларды келтіре отырып, жаңаша көзқараспен тұжырымдауға тырыстық.

**Кілттік сөздер:** Абай мұрасы, ұлттық мүдде, зиялы қауым, Алаш арыстары, рухани жаңғыру, «Ақ жол» газеті, мерзімді басылымдар.

*O.A. Turebaev<sup>1</sup>, G.S. Aidarbekova<sup>2</sup>, N. A. Abdurakhmanov<sup>3</sup>, Z.Sh. Orazimbetova<sup>4</sup>*

*Ph. D., SKMA<sup>1</sup>*

*Ph. D., SKMA<sup>2</sup>*

*Ph. D., SKMA<sup>3</sup>*

*Senior lecturer, «Miras» university<sup>4</sup>*

*Shymkent, Kazakhstan, [nurmuhameda@mail.ru](mailto:nurmuhameda@mail.ru)*

## ABAY'S LEGACY ON THE PAGES OF "AK ZHOL»

### *Abstract*

A deeper knowledge of the outstanding personalities of our nation in the history of the country, the desire for real disclosure of the essence of their activities and moral ways of life, propaganda for the younger generation of their rich creative heritage, as well as for consideration as a support in the

development of the state, which has entered the path of spiritual revival – a requirement of the time. The great poet of the Kazakhs-the son of the great steppe Abay is also included in the category of revered persons of the nation. In our article, emphasizing that the knowledge of Abay is the knowledge of the Kazakh people, we chose a topic that is in some sense not fully studied in the study of the Teacher of the nation. This can be seen in the media of Soviet Kazakhstan, especially in the authoritative edition of the national press of 1920-1926 in the newspaper "AK Zhol". Therefore, in our short article, we tried not to dwell on Abay's narvestvennoy life and work, but to formulate historical analyses about the poet in a new way in the materials of this newspaper using its archive fund.

**Keywords:** Abay's heritage, national interest, intellectuals, spiritual revival, AK Zhol newspaper, periodicals.

*О.А. Туребаев<sup>1</sup>, Г.С. Айдарбекова<sup>2</sup>, Н.А. Абдурахманов<sup>3</sup>, З.Ш. Оразымбетова<sup>4</sup>*

*к.ф.н., ЮКМА<sup>1</sup>*

*к.и.н., ЮКМА<sup>2</sup>*

*к.и.н., ЮКМА<sup>3</sup>*

*страший преподаватель университета «Мирас»<sup>4</sup>*

*г. Шымкент, Казахстан, [nurmuhameda@mail.ru](mailto:nurmuhameda@mail.ru)*

## НАСЛЕДИЕ АБАЯ НА СТРАНИЦАХ «АҚ ЖОЛ»

### *Аннотация*

Более глубокое познание выдающихся личностей нашей нации в истории страны, стремление к реальному раскрытию сущности их деятельности и нравственных жизненных путей, пропаганда для подрастающему поколению их богатое творческое наследие, а также для рассмотрения в качестве опоры в процессе развития государства, вступившего на путь духовного возрождения – требование времени. Великий поэт казахов – сын Великой степи Абай тоже входит в категорию почитаемых лиц нации. Мы в своей статье подчеркивая, что познание Абая является познанием казахского народа, выбрали тему которая является в некотором смысле не до конца изученной в исследовании Учителя нации. Это видно материалах СМИ Советского Казахстана, в особенности в авторитетном издании национальной печати 1920-1926 годов в газете «Ак жол». Поэтому мы в своей небольшой статье старались не останавливаться на нравственной жизни и творчестве Абая, а по-новому сформулировать исторические анализы о поэте в материалах этой газеты используя ее архивный фонд.

**Ключевые слова:** наследие Абая, национальный интерес, интеллигенция, духовное возрождение, газета «Ак жол», периодические издания.

Ұлттық сананы сақтау - басты міндет. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ғана біз жаһандық сын-қатерлер төніп тұрған кезеңде еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашып, рухани жаңғыру үдерісін барынша жеделдететін боламыз. Сол себепті де Абай мұрасының ұлттың рухани қуатын арттыруға, өскелең ұрпақ тәрбиесіне тигізер пайдасы зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да Абай даналығына айрықша бас иіп, арнайы мақала жариялауы да біздіңше жайдан-жай емес. Осынау «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында ол: «... Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек [1],-дей келе ұлт руханиятын көтеруде алдағы күнде атқарылуы тиіс бірқатар меже-міндеттерімізді де айқындап берді. Сонымен қатар Президентіміз: «Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген

интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [2],-деп парасатты патриотизмнің мектебін Абайдан іздеуге, елдікті қадірлеудің негізін Абайдан алуға шақырды.

Расында Абай мұрасының ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға септесетіні күмәнсіз. Сондықтан, Мемлекет басшысы айтқандай, хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру арқылы ғана біз рухани кем-кетігімізді түгендеп, жарқын болашаққа нық қадам басатын боламыз. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдаманың да көздегені осы.

Ақиқатында Абай ең көп зерттелген акын. Дегенмен де ұлт ұстазын ұлықтауда зерттеушілер назарынан тыс қалған тұстар да аз емес. Солардың бірі - Кеңестік Қазақстан баспасөзіндегі Абай мұрасының насихатталуы. Соның ішінде біз өз заманында шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болған, биылғы жылы 100 жылдығы аталып өткелі тұрған «Ақ жолдың» Абай әлемін көпке танытудағы сіңірген еңбегіне, рухани әлеуетімізді көтерудегі сүбелі үлесіне аз-кем тоқталсақ дейміз. Себебі Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың өзі айтқандай, «Тарих дегеніміз тек өткеннің ғана сабағы емес. Ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі». Ұлт тұлғаларын тануда да тарихтан алар сабағымыз аз болмаса керек.

Жалпы 1920 жылдың 7 желтоқсанынан 1925 жылға дейін Ташкент қаласында шығып келген «Ақ жол» газеті большевиктік биліктің жүргізген саясатын насихаттап, халыққа жеткізіп отырғанымен де, руханият мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Керісінше көптің көкейінде жүрген мәселелерді көтеріп, ең көп оқылатын басылымға айналған. Сонымен қатар, «Ақ жол» Алаш идеясын жақтаушылардың көмегімен құрылған газет болғандықтан, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған мақалаларды көптеп кездестіресің. Сол себепті де, «Ақ жол» газетінің мазмұны «антикеңестік» деп табылып, оның редакция құрамы қудалауға ұшыраған. Сталиннің тікелей нұсқауымен газет қайта құрылып, бақылауға алынған. Сондықтан да бұл басылымның қалыптасуы мен дамуына және оның қызметіне идеологиялық тұрғыда біржақты баға беру дұрыс болмайды.

1920 жылдарда қазақ жерінде саяси-әлеуметтік, экономикалық-қоғамдық құрылыс жүйесі жаңаша бағыт алды. Осы жылдың 4 қазанында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғандығын жариялаған Қазақстан Кеңестерінің I Құрылтай съезінен кейін Қазревком елде кеңес үкіметінің нық орнауына ұлттық баспасөздің маңызды рөл атқаратынын алға тартқаннан кейін бұл тараптағы сең бұзылып, 3 қарашада Қырғыз ОАК-нің төрағасы С.Мендешов қол қоюымен Қазревкомның Баспа ісі редакциялық алқасының «ҚАКСР-ның Мемлекеттік Баспасөз жағдайы» деген бұйрығы қабылданды. 1920 жылы сәуір айында Ташкентте «Қырғыз-қазақша» жетісіне екі рет шығатын «Жаңа өріс» газеті ашылды. Оның шет елдерде, Кеңестер ішінде, аймақ хабарлары деген бөлімдері болды. 1920 жылғы 27 шілдеге дейін «Жаңа өрістің» 14 нөмері жарық көрді. Ал 1920 жылдың желтоқсанынан бастап «Жаңа өріс» негізінде Түркістан орталық партия комитетінің тілі «Ақ жол» газеті шығарылды. Ал отарлық биліктің езгісінен ұлттық мүддені қорғап, саяси күрес майданына шыққан «Қазақ» газетімен салыстырсақ, «Ақ жолдың» жағдайы да жеңіл болмағанға ұқсайды. Ал мерзімдік басылымның анкетасы мынадай: «Ақ жол» газеті - қазақ тілінде. Адресі: Ташкент қаласы. К.Маркс көшесі 41.

1920 жылдың 7 желтоқсанан бастап, үзілістер 8 тамыз 1923 жылдан 28-не дейін себебі: қаржының жетіспеуінен. Бағдарламасы-партиялық-саяси, экономикалық және ғылыми әдебиеттер. Мерзімділік уақыты - аптасына 3 рет. Тираж - 1800 дана. Қызметкерелері:

- 1.Тохтыбаев Иса Тоқтыбаевич-жауапты редактор
- 2.Алиев Хасан Шаяхметович
- 3.Байтасов Абдулла Баитасович
- 4.Ходжиков Кангиркожа Ходжикович
- 5.Илаев Хади Илаевич
- 6.Алпаров Гибат

1920-1925 жылдар аралығында «Ақ жол» газетінде С.Қожанов, С.Оспанов, Н.Төрөқұлов, С.Асфендияров, М.Дулатов, И.Тоқыбаев, Қ.Құлетов, М.Қайыпназарұлы, С.Сәдуақасов, Ж.Арыстанов, Ө.Тұрмажанов сияқты азаматтар бірі басшы, бірі қосшы болып басшылық жасады. Ал, газетте жауапты қызмет істеген М.Дулатовпен бірге Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытов, М.Әуезов,

К.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Мәшһүр Жүсіптің баласы Әмин Жүсіпов сияқты көптеген ұлтжанды қаламгерлердің де өз ізін қалдырғаны анық.

Жалпы газет мазмұны мынадай айдарлардан тұрды: Басқармадан, Сыртқы хабарлар, Ішкі хабарлар, Бұйрық-жарлықтар, Әйел теңдігі, Жастар арасында, Ресми бөлім, Елден, Басмашылдар тарихы.

«Басқармадан», «Сыртқы хабарлар», «Ішкі хабарлар», «Бұйрық – жарлықтар» тұрақты бөлімдері болды. Ал, «Әйел теңдігі», «Жастар арасында», «Ресми бөлім», «Елден», «Басмашылдар тарихы» айдарлары редакцияға түскен мақалаларға байланысты газет бетінде көрініп отырды. «Басқармадан» айдарында оқырмандармен қарым-қатынас жасады. Редакцияға келіп түскен хаттар, газетке байланысты жаңалықтар жарияланып тұрды. «Сыртқы хабарлар» айдары газетте үлкен орын алған жоқ. Еуропада, Ішкі Ресейде орын алған оқиғалар, шет елдік басылымдардағы мақалалардың аудармасы, газеттің алғашқы сандарында «Азамат соғысының» жағдайы жарияланып тұрды. «Бұйрық-жарлықтар» және «Ресми бөлім» айдарында қаулы-жарлықтар, низамдар, оларды іске асыру жұмыстары және халыққа түсінікті тілде заң және бұйрықтардың мәні түсіндірілді. Қазақ халқының барлығы орыс тіліне жетік болмағандықтан, бұл бөлімнің маңыздылығы жоғары болды. «Елден» және «Ішкі хабарлар» айдарында ауыл мен уезд тұрғындарының қарапайым өмір салты, ауылдардың тыныш-тіршілігі сөз болады.

Алғашқы жылдары редакторлық қызметті Сұлтанбек Қожанов пен Қазмұхамед Құлетов атқарған. Бірақ, Қ.Құлетов өзін «газетті уақытша шығарушы» деп айқындап, көрсетіп отырған. Кейініректе Сәдуақас Оспанов. С.Оспанов, Нәзір Төреқұлов, Санжар Аспандияров, Қ. Құлетов т.б. басшылық жасады.

Редакторлардың ауысуымен қатар, газет таралымы (тираж) өзгеріп отырған. Алғашында «Ақ жол» газетінің таралымы 12 мың данамен шығару жоспарланады. Т. Қожакеевтың көрсетуі бойынша 1920 жылы газет таралымы – 3000 дана ал 1921 жылы – 3500 данаға өскен [3].

Газеттің алғашқы сандарын оқи отырып байқайтынымыз, газеттің негізгі қаламгерлері Қ.Құлетов, М.Дулатов. Сонымен қатар газет баспасында Илияс Жансүгіров, Әлихан Бөкейханов, Ғазымбек Бірімжанов, Иса Тоқыбаев, Иманғали Арабаев, Бернияз Күлейұлы және т.б. қызмет істеген. Олар газет беттерінде қоғамда орын алып жатқан мәселелерді көтерген.

Осы тұстан сөзіміздің желісін үзе отырып, «Ақ жолда» Абай турасында қандай мақалалар жарық көрді, соған кеңірек тоқталайық.

Мәселен Қазақстан ағарту комиссариаты назарына ұсынылған «Абай кітабын бастыру керек» атты мақалада Телжан Шонанов осы ағарту комиссариаты жанында құралған жазушы-бастырушы комиссия ұлт әдебиетін жинап бастырғанда ең әуелі Абай сөзін бастыруы керектігін қаперге салып, қазақтың бас ақынының коммунистік идеология бел алып тұрған тұста насихатының кемшін тартып, қалтарыста қалып қойғанына алаңдаушылық білдіре келе «Ақ жол» бетінде былайша үн қатады: «... Неге десеңіз «Абай» кітабы бұл күнде өте-өте сирек қалды. Ол сирек қалған жалғыз жарым нұсқалары да тозып жыртылған көрінеді. Енді аз уақытта «Абайды» қолға түсіре алмаспыз кәдік. Мәселен бүгін Бөкей губерниясында тіпті ұлт әдебиетімен шұғылданып жүрген адамдардың да қолында «Абайдың» бір нұсқасы жоқ. Бүгін Ырғыз үйезінде «Абайдың» бір нұсқасы бар. Оны да әркім жасырып алып кетіп иесі ізінен іздеп зорға тауып алады. Атбасар үйезінің жартыдан көбін аралаған адам «Абайды» көре алмаған. Қараөткел үйезін екі рет бастан аяғын сүзіп шыққанда бір-ақ адамда бар болып шықты. Бөтен үйездерде осылай. Бұған қарағанда «Абай» кітабының нұсқалары жоғалуға айналғаны білінеді. Бірақ онымен Абай аты жоғалар емес. Абайды естімеген қазақ жері кем. Орынбор шегінен Сібірге өтсең Қытай шегіне дейін Сарыарқада Абай әні салынып Абай өлеңі жырланады» [4]. Осылайша автор Абай жинағын бастыруда қатесін түзеп, басылмай қалған өлеңдерін қайта толықтырудың да маңыздылығына тоқталады. Сонымен қатар ол кеңестік баспа өнімдерінің басты кемшілігі, баспа бетін көрген жаңа кітаптардың дизайны, сурет сапасы өте төмен деңгейде болып отырғанын да баса айтып, мүмкін болса осы олқылықтың орнын толтырып, Абай өлеңінде бейнеленген жерлер, орындар һәм Абайдың тұрған қыстаулары, үйлері мен бейітінің кітап бетінен орын алуы керектігін айтады.

Сондай-ақ Алаш зиялысы қашаннан Абай ауылымен аралас-құралас, құдандалы болып келген ауылдан шыққан азамат Мұхтар Әуезовтің де қаламгерлік қуатын тиімді пайдаланып, Абай сөзін жинап тәржіма халына дейін жеткізуді Мұхтар Әуезовтың міндетіне артуды дұрыс көреді.

Ақиқаты сол- осынау мақала оқырманға жол тартысымен араға біраз уақыт салып, «Ақ жолдан» ақжолтай хабар келеді. Яғни басылымның 1921жылғы 14 қыркүйектегі санында «Абай кітабы басылатын болды» деген шағын ақпараттық материал жарық көрді.

Әдеби орта да бұл бастаманы қуана құптайды. Өйткені бұл мақала басылған тұста Абайдың өлеңдері бұдан 12 жыл бұрын, 1909 жылда Петерборда Бурганскийдің баспаханасында шыққан екен. Ол кітаптың да кемшілік-қателіктері жетіп артылады. Мәселен, Абайдың бірсыпыра өлеңі онда кірмей қалған. Тәржімалары толық емес, қара сөзі жоқ. Сол себепті де автор Б.Күлеев: «Абай кітабын бастыру маған тапсырылғандықтан қолдан келгенше Телжан ағаның көрсеткен жолын ұстағым келеді. Бірақ, жәрдемді шеттегі азаматтардан сұраймын. Тізбесін әдемілеп, емлесін түзету сияқты уақ-түйегіне мұқтаж болмасақ та, түсіп қалған жерлерін қосып, қара сөзін һәм басылмай қалған өлеңдерін тіркеп, тәржімелерін толықтыруға қиналып тұрмыз. Сондықтан Михайл, Тұрлұғұл, Абай балалары Шәкәрім ақсақал, Әлихан аға, Мұхтар Әуезов сияқты Абай жәйін білетін һәм қазақ әдебиетінің көркейуі жолында еңбек етіп жүрген басқа азаматтардан асығыс жәрдем сұраймыз. Абай кітабын алдымен бастыруға дайындалған болса да осы азаматтардан мағлұмат қолымызға тигенше басқа кітаптарды бастыра беріп Абайды сақтай тұрамыз. Сондықтан мағлұмат беретін азамат қай уақытта үлгеретінін білдіріп хат жазса еді» [5],- деп көптің көмегіне сүйенгісі келетінін айтып, хат-хабар жолдайтындарды 2-3 ай күте алатынын да ескерте келе газет редакциясына өз адресін қалдырады.

Шындығында Абайға қатысты материалдар «Ақ жолда» ұдайы жарық көріп отырды деуге толық негіз бар. Айталық, «Ақ жолдың» 1922 жылғы 29 ақпандағы №147 нөмірінде Орынборда Абай Құнанбаев атағына атындағы қазақша театр, музыка ғылымын үйрететін үйірме ашылғаны айтылса [6], 1923 жылғы 29 наурыздағы №288 санындағы «Талап» төңірегінде» мақаласында «Талап» қауымында соңғы өткен екі жұмада екі лекция болып өткені, оның бірі Мырзағазының баяндамасы, бірі Алтынсариннің өмірі һәм істеген істерінің жайынан, екінші лекция Мағжанның Абай өлеңдері туралы болғандығы жазылады.

Ал «Ақ жолда» Абай туралы ең көп қалам тартқандардың қатарына Абдырахман Сағдиді ерекше бөле-жара атап көрсетуге болады. Ол «Қазақ ақындары» айдарымен берілген «Абай» атты көлемді еңбегінде ең алдымен Абай өлеңдерінің табиғаты һәм ішкі рухы туралы ой толғап, ақын өмірбаянына қатысты мына ақпараттарды айрықша атап көрсетеді: «Абайдың өлеңдерінде басылған өмір тарихының көрсетілуі бойынша, Абай он жасынан бұлай қырда мұсылманша оқи бастаған. 13 жасына шейін Семей діни медреседе оқыған. 14 жасында оқудан мүлде тоқтаған.

Қысқасынан айтқанда, Абайдың бар оқыған мұсылманша оқуы 4 жылдық ғана болған. Орысшаны да Семейде болған шағында бастауыш орыс мектебінен 3 ай ғана оқып шыққан.

Абайдың өлеңдерімен бірге басылған қазіргі өмір тарихында бұлайша жазған: «Абай 15 жаста-ақ балалық қылмай, ел ішінде жұртты өзіне қаратқан. Басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып жүрген һәм елдің жақсылары баласынбай аузына қарай бастаған». Бұдан көрінеді, Абай жасынан-ақ ірі адамдардың қатарына кіріп, халыққа басшылық қылу үшін билермен тартыса бастағандығы. Абайдың билікке, халыққа, басшылыққа таласуына туған туысқандарының да, атақты, елге басшы адамдардан болғандығы да, Абайды жасынан абыройлылыққа жетектеген. Туысқандарының һәм өскен ортаның мақсат қылған нәрселері Абайды билік үшін таласқа кіргізуге әбден мүмкіндігі болған.

Бірақ, Абайдың өлеңдерінің көбінде елге басшы боламын деген адамдарды кекеп, заһарлі, улы тілмен шағатыны бар.

Және Абайдың өмір тарихында бұлайша жазады: «20 жасында Абай маңдай басы шешен болды» һәм «қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді» дейді. Міне, бұл сөздер Абайдың табиғаты, ішкі рухы билеу болғандығын аңдатады.

Абайдың шаһармен байланысы болған ба? Семей қаласында 2 жыл оқу оқығаннан кейін, елге оқуды тастап қайтып кетті дейді. Абайдың сол кеткеннен қаламен қатынасы үзілді ме? Жоқ, болмаса, қаламен қатынасы жиі болып, қаладағы мұсылман яки, орыс мұғалімдерімен мәжілістес, пікірлес болып жүрді ме?

Міне, бұл жағы да Абайдың өмір тарихында күңгірт, көмескі түрде айтылмай қалған. «Абай орыс әдебиетімен һәм жазушыларымен 35 жасынан бұлай қарай таныс болып еді.

Абайдың тәржіма халінде; «орыс әдебиетімен танысу Абайдың көңіліндегі ақындығын қозғап, Абайдың өлең жазуына себеп болды» дейді. Бұл айтылғандардан Абайдың 35 жасқа шейін ешбір өлең жазбағандығы көрінеді. Шынында Абай өлеңдерінің бәрін де 1884 жылдан бастап, 1903 жылдың арасында ғана жазбаған. Яғни, Абай 35 жасқа жеткеннен кейін өлең жазуға кіріскен жағдайда, Абайдың ақындық күшінің жарыққа шыққандығы 39 жасынан кейін басталды деп айтуға болады» [7].

Сонымен қатар ол 14 жастан бастап жазған ақын мен 39 жастан бастап жазған ақынның өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы еш уақытта бір түрлі болып келмейтіні де назардан тыс

қалдыруға болмайтынын айтып, Абайдың ұзын-ырғасы 5313 жол шамасында өлең жазғанын нақты көретіп берумен бірге оларды жыл-жылға бөліп жіктеп береді. Біздіңше бұл талпыныс бүгінгі зерттеушілердің де назарынан тыс қалмауы керек. Қараңыз: «Абайдың өлеңдері жыл тәртібімен қарағанда, бір түрлі қызық көрінетін нәрсе мынау: Абай кейбір жылдарда аз жазады. Жазған өлеңдері жыл сайын я артылып, я болмаса біркелкі болып отырмайды. Абайдың жыл сайын жазған өлеңдерінің жолдарының санын оқушыларға көрсетіп өтуді мақұл табамын. Абай қайсы жылда қанша өлең жазған?

1884 жылда – 38,  
1885 жылда – 14,  
1886 жылда – 701,  
1887 жылда – 202,  
1888 жылда – 64,  
1889 жылда – 1052,  
1890 жылда – 205,  
1891 жылда – 164,  
1892 жылда – 116,  
1893 жылда – 212,  
1894 жылда – 148,  
1895 жылда – 138,  
1896 жылда – 336,  
1897 жылда – 390,  
1898 жылда – 64,  
1899 жылда – 48,  
1900 жылда – 48,  
1901 жылда – 72,  
1902 жылда – 152,  
1903 жылда – 16» [8].

Бұл көрсетілген цифрлардан Абайдың 1898 жылдан кейін өлең жазуын біршама сиреткенін, осы жылдан кейін Абай өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы өзгере бастағанын аңғару аса қиын емес. Осы сериялы мақаланың жалғасы іспетті келесі бір мақаласында ол Абайдың 20 жылдық әдеби өмірі барлығын атап көрсетіп, ғұмырлы жырларына лайықты баға беріп өз ойын былайша түйіндейді: «...Абайдың маңдайында ойшылдық пен толқындаушылық бірлеседі. Бірақ, кейіннен уытшылық жеңіп кетеді. Абай өлеңдері халықшылық, қазақшылық рухымен суарылған. Абай өлеңдері (әсіресе әдеби өмірінің әуелгі жартысында) шындық (реальность) күшті, тіпті діни мәселелерге де шын ынтасымен қарайды. Абайға мұсылманшылық дүниесіндегі сопылық әсер бермеген. Абай мұндай сипатпен уланбаған кісі. Абай жалпы түрік тілдерінің халық өлеңдерінде қолданған өлшеулерден басқа тағы өзінен шығарған жаңа өлшеулері жоқ емес» [9].

Осылайша ақын мұрасын мейлінше зерттеп-зерделеуге тырысып баққан ол Абай турасындағы айтылар ойдың мұнымен бітпегенін, оның бәрін көрсетуге газет бетінде орын аз болғандықтан, оларды мысалдармен көрсетіп отырудың мүмкін болмай отырғанын айтып, қалың оқырманнан ғафу өтінеді.

Ал басылым бетіндегі «Абайдың 20 жылы» атты мақала да атап көрсетуге тұрарлық. Д.А. атты автор бұл жарияланымда: «Бүгін июнның 23 күні, қазақ әдебиетінің атасы атақты ақын Абайдың өлгеніне 20 жыл толады. Бұл күнді еске алып, есепке тұтудың себебін айрықша ұқтырып жатудың керегі жоқ. Абай көпке мәлім адам. Оны мектептегі балаларда, шашы ағарған кәрілерде, жақсы жаман, оқыған оқымаған, қысқасынан айтқанда, қалың қазақтың бәрі де біледі. Абайдың тарихын, оның жазғандарын жете тексеру керек. Біздің қазақ әдебиеті бұл күнге дейін, төрт аяғына басып, тік тұрған жоқ.

Қазақтың үлгі көрмеген дөкір, жалпақ тілімен орыс әдебиетіндегі ең күшті деген Пушкин, Лермонтов сықылды ақындардың ең сырлы, суретті деген әсерлерін жұрттың бәрі не түсінікті етіп суретін бұлжытпастай көкірегіне түсіріп берген. Бұл өнер Абайдың күшіне айрықша маңыз беретін, айрықша тілге ұсталығын танытатын өнер. Абайдың 20 жылдығына арналған бұл қысқаша мақалада оның әсеріне тексеру жасап, толық тарихын сөйлеп өтуге мүмкін емес» [10],- дей келе ол жұмыстың келешектегі кезекті һәм керекті жұмыстың бірі болып саналуы тиістігін де қаперге сала кетеді.

Әділін айту керек, «Ақ жол» Абайға қатысты титтей бір жылт еткен жаңалықтың өзін сүйіншілей жариялауды дәстүрге айналдырып отырды.

Мысалы «Бүгін Абай мектебінің ашылу тойы жасалады» атты мақалада Шымкент үйезі атқару комитетінің қарары бойынша 6 февраль айының 20 күні Манкент қыстағындағы Абай мектебі тойы өтетіні, бұл тойға үйезге жақын отырған 7 болыс қазақ еліндегі кеңестер, қосшылар, партия ұйымдары мен әр ауылдан 5-10-нан ел ақсақалдары шақырылып отырғаны, олардың жалпы саны 400-ге жуықтап қалғаны айтылады.

«Өздерінің аш-тоғына қарамай 3-4 жылдан бері бәрін салып жұмсаған қазақ кедейлерінің еңбегі, табан ақы мандай терлері енді жанып, «Абай» мектебі енді бітіп, бүгін ғана қуанышты ресми түрде ашылу тойы жасалайын деп отыр. Бұл күнде «Абай» мектебіндегі оқып жатқан балалар саны 150. Бұлардың киім-кешек, азық-түліктері әбден мұңсызданып дайындалған. Бірақ керекті аспап құралдары тегіс алынып біткен жоқ. 2-3 айдың ішінде бітер. Енді тек той тойға ұласып, мұнан былай қарап ағарту ісі ауыл – қыстақ арасында өркендей берсін» [11], - деп түйінді пікір білдірген мақала авторы Елемес те ел өркендеуінің ең басты тірегі Абайды тануда жатқанын ұқтырмақ болады.

Шындығында «Ақ жолдың» жабылуы Алаш қозғалысына, қазақ руханиятына жасалған ең басты идеологиялық соққы болумен бірге қазақтілді баспасөздің өткірлігін жоғалтуының, жалтақтықтан арылмауының, биліктің ресми хабаршысына айналуының басы болды десек, артық бола қоймас. Яғни «Ұлы Абайды» мейлінше ардақтаған «Ақ жолдың» тарих сахнасынан біржола кетуі «Қазақ» газеті қалыптастырған ұлттық баспасөздегі азаттыққа ұмтылған өршіл рух сабақтастығының үзілуіне алып келді. Біздіңше еліміздің тәуелсіздікке қолы жетіп, еркін ойлы тарихи сана қалыптастыру міндеті алға тартылып тұрғанда Алаш қозғалысы тарихының осы ақиқаты ащы да болса айтылуы қажет.

Қалай дегенде де ХХ ғасырдың басында алғаш бой көтере бастаған қазақ тілінде большевиктік-ресми газеттердің ішіндегі Түркістан өлкесінде шығып тұрған «Ақ жол» газетінің орны бөлек. «Ақ жол» газеті тарихының тасасында арыстарымыздың тағдырлары мен таланттары беймәлім жатқаны рас. Олай болса, «Ақ жолдағы» Абай мұрасы да індетте зерттелуі тиіс.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Тоқаев Қ. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» // Егемен Қазақстан. 9 қаңтар, 2020 жыл.
2. Тоқаев Қ. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» // Егемен Қазақстан. 9 қаңтар, 2020 жыл.
3. Қожекеев Т. Жыл құстары. - Алматы: Қазақстан, 1991.- 240 б.
4. «Ақ жол» №69, жексенбі, 19 шень, 1921 жыл.
5. «Ақ жол» №86, 14 сентябрь, сәрсенбі, 1921жыл.
6. «Ақ жол» №147, сәрсенбі, 29 февраль, 1922 жыл.
7. «Ақ жол» №363, сейсенбі, 30 октябрь, 1923 жыл.
8. «Ақ жол» №369, сенбі, 17 ноябрь, 1923 жыл.
9. «Ақ жол» № 372, сенбі, 24 ноябрь, 1923 жыл
10. «Ақ жол» №450, дүйсенбі, 23 шень, 1924 жыл.
11. «Ақ жол» №540, жұма , 20 февраль, 1925 жыл.

#### **List of references:**

1. Tokayev K. "Abay and Kazakhstan in the XXI century" // sovereign Kazakhstan. January 9, 2020.
2. Tokayev K. "Abay and Kazakhstan in the XXI century" // sovereign Kazakhstan. January 9, 2020.
3. Kozhekeyev T. Birds of the year. Almaty: Kazakhstan, 1991. - 240 P.
4. "AK Zhol " No. 69, Sunday, June 19, 1921.
5. "AK Zhol" No. 86, September 14, Wednesday, 1921.
6. "AK Zhol " No. 147, Wednesday, February 29, 1922.
7. "AK Zhol " No. 363, Tuesday, October 30, 1923.
8. "AK Zhol " No. 369, Saturday, November 17, 1923.
9. "AK Zhol" No. 372, Saturday, November 24, 1923
10. "AK Zhol" No. 450, Monday, June 23, 1924.
11. "AK Zhol" No. 540 , Friday, February 20, 1925.